



БҰЙРЫҚ

Сәдуақас Олжасұлы
Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ *93 н/б*
город Балхаш

Ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды Республикасы Үкіметінің 2012 наурызындағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы X сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №119 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай –ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қарағанды облысының білім басқармасының 16.08.2024 жылғы бұйрығына сәйкес, Балқаш қаласы білім бөлімінің 2024 жылғы 27 тамыздағы №364 бұйрығын негізге ала отырып,

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024-2025 оқу жылында №1 қосымшаға сәйкес бюджет есебінен 1-4 сынып оқушыларын тегін тамақпен қамтамасыз ету іске асырылсын.
2. 2024-2025 оқу жылында ҚР Үкіметінің 25.01.2008 жылғы №64 қаулысына сай, №2 қосымшаға сәйкес, 5-11 сынып оқушыларын тегін тамақпен қамтамасыз ету іске асырылсын;
3. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай перспективті мәзір бекітілсін.
4. Ата –аналар есебінен тамақтанатын оқушыларға арналған қолма –қол ақша айыру жұмысы жалғастырылсын;
5. Мектепте ыстық тамақты ұйымдастыру сапасына, асхананың санитарлық– гигиеналық талаптарының сақталуы мен ұсынылатын тауарлардың сапасына бақылауды қамтамасыз ету мақсатында №3 қосымшаға сәйкес бракеражды комиссия тобы құрылсын;

000194

6. Тамақтануға жауапты тұлғаларға ыстық тамақпен қамтамасыз ету мен тексеру қорытындысын мектептің интернет ресурсындағы «Тамақтандыру» айдарына жариялау қамтамасыз етілсін;
7. Әр сыныптың асханада тамақтану кестесі бекітілсін;
8. Асханадағы кезекшілік кестесі жасалсын;
9. Бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.



Д.Жолдасова